

# Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі мен саясаты

- ◎ **Қаржы жүйесі-мемлекет пен кәсіпорындардың ақша қорларын құру және пайдалану процесіндегі қаржы қатынастарының, сондай-ақ оларды ұйымдастыратын қаржы органдарының жиынтығы.**

**Бүгінгі Қазақстанның қаржы жүйесінің құрамы біршама дербес мына сфералардан тұрады:**

**мемлекеттік бюджет  
жүйесі**

**арнаулы бюджеттен тыс  
қорлар**

**мемлекеттік несие**

**жергілікті қаржы**

**шаруашылық жүргізуші  
субъектілердің қаржысы**

**халықтың қаржысы**



«Экономиканы жаһандық қалпына келтіруге дайындау және оның сыртқы сынақтарға тұрақтылығын арттыру үшін біртұтас үш міндетті шешу қажет болады. Солардың бірі-қаржы жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету»деп Н. Ә.Назарбаев өз жолдауында атап айтқандай, *қаржы жүйесі* тұрақты экономикалық өсудің негізі болып табылады.

- Көптеген эксперттердің айтуынша, Қазақстан қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізгеннен кейінгі экономикалық қайта құру құрылымдарының ауыртпалықты шыңын өткерді және экономикалық реформалар өзіндік стратегия мен тактиканы жүзеге асыру арқылы жетістікке қол жеткізді. Қазақстанда тәуелсіздік алғалы бері экономикалық, әлеуметтік қатынастар біршама өзгерді. 1994 жылдың басында әлемдік экономикалық реформалар басталғаннан бері біршама қаржылық тұрақтылық орнады. Мысалы, 1993 жылдары инфляция екі мың пайыздан көп болса, 2014 жылдың басында 4,5% құраған.

**Қаржы саясаты - қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша мемлекеттің өзінің функциялары мен міндеттемелерін жүзеге асыруға бағытталған қаржы саласындағы ұйымдастырылған мақсатты іс-шараларының жиынтығы.**

# ҚАРЖЫ САЯСАТЫ:

○ **Қаржы тактикасы** - қаржы саясатының міндеттерін шешуге бағытталған қаржылық қатынастарды ұйымдастыру әдістерімен қамтамасыз ету. Қаржы тактикасы экономикалық жағдайлар және әлеуметтік факторлар қозғалысымен анықталады.

○ **Қаржы стратегиясы** - экономикалық және әлеуметтік стратегияны білдіретін, болашаққа есептелген ұзақ мерзімді қаржылық саясат жоспары. Қаржы стратегиясы жасалу барысында оның негізгі бағыттары, қаржыны қолдану аясы, қаржы ресурстарының қажетті шоғырлануы туралы мәселелер шешіледі.

***Қаржы саясатының мақсаты*** - қоғам дамуының аса маңызды қанағаттандыруға қажет қаржы ресурстарын толық жұмылдыру. Осыған байланысты қаржы саясаты кәсіпкерлік қызметті жандандыра түсуге қолайлы жағдайлар жасауға шақырады.

***Қаржы саясатының міндеттері***

- ✓ Қаржы ресурстарын тиімді жинақтау және пайдалану
- ✓ Мемлекеттің экономикаға әсер етуі және реттеуі



*Қазіргі жағдайда қаржы саясатының негізгі бағыттары мыналар болып табылады:*

- ⊙ шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының сферасында нарықтық қатынастарды нығайту жөнінде шаралар жүргізу;
- ⊙ дағдарысты жай-күйді жою және қаржы жүйесін сауықтандыру;
- ⊙ халықты әлеуметтік қорғау жөнінде шаралар кешенін жүргізу.

Қаржы жүйесінің дамуы Қазақстанның экономика саясатының маңызды артықшылығы болып табылады.

Қазақстан Республикасы-қаржы секторын реформалау деңгейі бойынша көптеген мемлекеттерге қарағанда озық ел болып келеді.

Соңғы жылдары қаржы секторы дамуының жағымды тенденциялары байқалуда.Бүгінгі күні өзекті және негізгі мәселелердің бірі болып қаржылық жүйені нығайту және экономиканы әлеуметтік даму жолына шығаруды қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл мемлекетпен қатар,барлық қоғамның,ғалымдардың интеллектуалдық әлеуетін және кәсіпкерлердің күштерінің бірігуін талап етеді.

***НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА  
РАХМЕТ!!!***